

**"Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 30 қазандағы №49/6 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда қалалық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 208-34/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 желтоқсанда № 6581 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 16 сәуірдегі Заңына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 30 қазандағы № 49/6 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 06 қарашада №5214 тіркелген, 2015 жылғы 11 қарашада "Ақмешіт ақшамы", "Қызылорда таймс" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының  
кезектен тыс XXXIV сессиясының  
төрағасы

Қ.ОРЫНБАСАРҰЛЫ

Қызылорда қалалық мәслихатының  
хатшысы

Р. БУХАНОВА